



**ОРТА АЗИЯЛЫҚ ЖОБАЛАУШЫЛАР ФОРУМЫ**

**2023 жылдың 7-8 қыркүйегінде** Қырғызстанның Бішкек қаласында Жобалаушылардың Орталық Азия форумы өтті. Ұйымдастырушылар – Қырғызстан Республикасының Сәулетшілер одағы, Berall компаниясы және Мәскеу облысы жобалаушыларының қауымдастығы.

Шараға Қырғызстан, Қазақстан, Ресей және Өзбекстаннан жүзден астам делегат қатысты. Қазақстан Республикасы мен KAZGOR ЖА атынан Қонысбаев Айдар Байғожаұлы, Жаманқұлов Алмат және Ли Екатерина қатысты. Айдар Байғожаұлы «Құрылысты нормативтік реттеу саласындағы реформалар туралы» атты баяндама жасады. Алмат пен Екатерина BIM сарапшылары ретінде BIM тақырыбына арналған сессияға қатысты. Сонымен қатар ҚР Ұлттық Жобалаушылар Қауымдастығы (ЖҰҚ) 2022 ж. жүргізген жобалық ұйымдарда BIM енгізу мен Қазақстанда BIM қолдану жөнінде зерттеу нәтижелерімен таныстырды. Тыңдаушылар көптеген сұрақ қойған, қызу талқылаумен өткен сессия есте қаларлықтай өтті. Іс-шарада BIM енгізуге мүдделі компаниялармен әңгіме-пікір өрбіді. Соңғы уақытта Қазақстан мен Қырғызстан Республикалары Сәулетшілер одақтарының арасында жақсы іскерлік байланыстар орнай түсті.

**KAZBUILD 2023 КӨРМЕСІ**

**2023 жылдың 6-8 қыркүйегі** аралығында Алматыда 29-шы Қазақстандық халықаралық KAZBUILD 2023 құрылыс және интерьер көрмесі өтті. 6 қыркүйекте өткен көрменің ресми ашылуына ҚР Сәулетшілер одағының өкілдері қатысты. Салтанатты ашылудан кейін «Диалог құру: жобалау және құрылыс индустриясындағы цифрлық технологиялар және заңнама. Нарықтың BIM-ді міндетті енгізуге қатысты болжамдары мен дайындығы» тақырыбында пленарлық сессия басталды. Сындрлы диалогқа мемлекеттік органдардың өкілдері: ҚР ӨҚМ ҚЖТКШ комитеті төрағасының орынбасары Жүнісбеков Б.М., ҚР ӨҚМ Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары Андаков М.З., сонымен қатар «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Мемсараптама» РМК және ҚазБСҚА университетінің өкілдері қатысты. Жобалаушы сарапшылар атынан Шепель В.С. қатысты. М.Ж. Жаманқұлов ҚР ЖҰҚ пікірімен таныстырса, А.В. Федянин ҚР Сәулетшілер одағының өкілі ретінде қатысты. Құрылыс саласын цифрландыру, нормативтік реттеу, BIM технологиялар, кадрлар даярлау және т.б. мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды. Түстен кейін Антон Федянин ҚР Сәулетшілер одағының жұмысы мен 2023 жылғы Халықаралық Сәулетшілер Конгресіне қатысуы жөнінде айтып берді. Биылғы көрмеде әлемнің 26 елінен 579 қатысушы болды.

**2 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СӘУЛЕТ КҮНІ**

*Халықаралық Сәулетшілер Одағы белгілеген айтулы күн – бұл тек кәсіби мереке ғана емес, сонымен қатар инженерлік ғылым, технология мен өнердің үйлесімі болып табылатын, сондай-ақ сәулет өнерінің адам өмірінде маңызды орын алатын сәулетшілердің еңбегіне құрмет көрсету, олардың жұмысын мойындау.*

**ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ СӘУЛЕТ ФЕСТИВАЛІ**

**2023 жылдың 11-14 қазаны** аралығында Ташкентте сәулет фестивалі, сондай-ақ Халықаралық сәулетшілер одақтары қауымдастығының (ХСОҚ) XXXI Үйлестіру кеңесі өтті. Бұл кеңесте ХСОҚ үздік жобалық және іске асырылған жұмыстардың (құрылыс) халықаралық шолу-байқауы қорытындыланды. Қатысушылардың жұмыстарын беделді қазылар алқасы онлайн дауыс беру арқылы таңдады. Фестиваль шымылдығын Өзбекстан Сәулетшілер одағының төрағасы Азамат Рамзетдинұлы Тохтаев ашты.



ҚР Сәулетшілер Одағынан: Т. Ералиев, С. Рустембеков, А. Тәтіғұлов, Н. Юрашевич, Б. Ережепов, Т. Жарылғанов, А. Федянин қатысты. Фестиваль кезінде қатысушылар Ташкент Сәулет-құрылыс университетінің басшылығымен кездесті, сондай-ақ «Жаңа Өзбекстан» саябағын, жаңа «Жібек жолы Самарқанд» туристік кешенін, Әмір Темір кесенесі мен Өзбекстанның тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың ескерткіш кешенін аралады. Байқауға 10 елден 96 жұмыс ұсынылды. Байқау қорытындысымен Қазақстан сәулетшілері келесі марапаттарға ие болды: **«ЖОБА» номинациясында II дәрежелі диплом** «MICRONOME жобасын әзірлеуге арналған халықаралық конкурс, Алматы, Қазақстан Республикасы», KAZGOR ЖА Ералиев Т., Шепель С., Федянин А., Ермекбай Ғ., Нұрғиса Р., Бакаева И., Никулина А. **«ФИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР» номинациясында III дәрежелі диплом «ЖОБА»:** Халықты цифрландыру орталығының құрылысы, Б.Момышұлы көш., Алматы қ., ҚР, D Architects+partners ЖШС, Астана, Ердененов Д., Сауынбек Ж. **ФИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР** номинациясы. Қоғамдық кеңістік, жыл бойы пайдаланатын ойын элементтері бар алаң, Есіл ауданы, Достық көш., Астана қ., ҚР. Ердененов Д., Сауынбек Ж., Базыкен Е. Байқау нәтижелерін ХСОҚ [сайтынан](#) көруге болады.

**СУРЕТШІ, СӘУЛЕТШІ АНДРЕЙ СТАРКОВТЫҢ КӨРМЕСІ**

**2023 жылғы 11 қазан мен 4 қараша** аралығында Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайында суретші және сәулетші Андрей Старковтың «Бір принцип-2» атты көрмесі өтті. Автор көрмеге бас-аяғы 70 жұмыс ұсынды. Барлық картиналар үлкен форматта салынған. Оның туындыларында жануарлар, тұрмыстық заттар, таулар мен табиғат көріністерінде өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар. Фотограф, әрі саяхатшы А.Старков Гималай мен Орталық Тянь-Шаньдағы бірқатар экспедицияларға қатысты. Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайының ғылыми хатшысы, өнертану ғылымының кандидаты Екатерина Резникова бұл көрмеге былай баға береді: «Менің ойымша оның шығармашылық сырларының бірі – оның туындыларында сәулетші, суретші, фотографтың, бізді қоршаған әлемді көре, сезіне және түсіне алатын шебердің көзқарасы мен ойы ұштасқан. Көрмеге KAZGOR ЖА мен Capital Invest Construction компаниялары демеушілік жасады.



**ШЫМКЕНТ СӘУЛЕТШІЛЕРІНІҢ ЖОБАЛАР КӨРМЕСІ**

**2023 жылдың 2 қазанында** Дүниежүзілік сәулетшілер күніне орай Шымкент қаласы сәулетшілерінің шығармашылық көрмесінің салтанатты ашылуы өтті. Көрмеде жас сәулетшілер мен тәжірибелі сәулетшілердің жұмыстары көрсетілді. Шара пікір және тәжірибе алмасу түрінде өтті. Көрменің салтанатты ашылуы кезінде үздік жұмыс иелері марапатталды. Аталған көрмені – Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының Шымкент қаласы бойынша филиалы ұйымдастырды.



**Т. ЕРАЛИЕВ II ДӘРЕЖЕЛІ БАРЫС ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ**

**2023 жылдың 24 қазанында** Қазақстан Республикасы Индустрия және құрылыс министрлігінің салтанат залында министрлік пен ведомствоның стратегиялық міндеттерін табысты жүзеге асыруға қосқан үлесі мен қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін сала ардагерлері мен басшыларына мемлекеттік және ведомстволық наградалар табыс етілді. Ералиев Тоқтар Ералыұлы Индустрия және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың қолынан маңызды марапат – мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметтегі ерекше еңбегі үшін берілетін II дәрежелі «Барыс» орденін алды. Сәулетші Тоқтар Ералиевті лайықты жоғары марапатымен құттықтаймыз!



**СӘУЛЕТШІ АНАТОЛИЙ СКАЛАБАН ӨМІРДЕН ОЗДЫ**

**5 қыркүйекте** дарынды сәулетші және педагог Анатолий Александрович Скалабанның қайтыс болғаны туралы белгілі болды. Анатолий Александрович бірқатар жылдар бойы Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының Шығыс Қазақстан ұйымын басқарып, сәулет өнерінің дамуына үлкен қолдау көрсетті. Оның артынан қалған еңбектері мен ғылыми жұмыстары елеулі із қалдырды және соның арқасында оның есімі біздің жүрегімізде қалады. ҚР Сәулетшілер одағы Анатолий Александровичтің туған-туыстары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады.



**СӘУЛЕТШІ ЕРҒАЛИ НҰРМАҒАМБЕТОВ ҚАЙТЫС БОЛДЫ**

**2023 жылдың 8 қыркүйегінде** 88 жасқа қараған шағында Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген сәулетшісі және құрметті қала құрылысшысы Нұрмағамбетов Ерғали Болысбекұлы дүниеден өтті. Е.Нұрмағамбетов Ленинград инженер-құрылыс институтын аяқтағаннан кейін туған жері Ақмолаға оралып, бірден оның бас сәулетшісі, содан кейін облыстың бас сәулетшісі болды. Ол 20 жылдан астам «Целингорсельпроект» жобалау институтының директоры болып қызмет атқарды. Ерғали Болысбекұлы Солтүстік Қазақстандағы қалалар мен елді мекендердің дамуы мен қалыптасуына белсене ат салысқан. ҚР Сәулетшілер одағы атынан Ерғали Болысбекұлының отбасы мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

